



Айғақ Медиа



aigakmedia



Айғақ ТВ

YouTube тікелей эфир

№46

/Сәрсенбі/

13 қараша

2019 жыл

www.aigak.kz

АЙҒАҚ

MEDIA

Газет Қазақстан Журналистика Академиясының "Алтын Жұлдыз", Қазақстан Журналистер одағының Тұрар Рысқұлов және Саттар ЕРҰБАЕВ атындағы сыйлықтарының, "Алтын жүрек" сыйлығының иегері



ҚАЗАҚСТАН-РЕСЕЙ: ШЕКАРА МАҢЫ ҰНТЫМАҚТАСТЫҒЫН ДАМУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қазақстан мен Ресей арасындағы XVI өңіраралық ынтымақтастық форумына қатысу үшін Омбыға келген Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путинмен кездесті, деп хабарлады Ақорда сайты. Мемлекеттер басшылары екіжақты қатынастарды дамытудың перспективалары мен өңірлік деңгейдегі ықпалдастықтың өзекті мәселелерін талқылады.

Қасым-Жомарт Тоқаев қонақжайлық танытқаны үшін Владимир Путинге ризашылық білдіріп, форумның тиімділігі мен табыстылығын атап өтті.

— 2003 жылы Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Сіздің күш-жігеріңіздің арқасында Омбыда өңіраралық деңгейдегі алғашқы кездесу өтті. Бұл механизм толықтай іске қосылып, өңірлер ықпалдастығының тиімді құралы ретінде өзін дәлелдеді. Екі елдің аймақтары арасындағы сауда көлемінің артып келе жатқаны өте маңызды. Біз өнеркәсіп кооперациясында, ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастықта зор табыстарға қол жеткіздік. Сондықтан, ауқымды жұмыс атқарылды деп ойлаймын, — деді Қазақстан Президенті.

Владимир Путин Ресей мен Қазақстанның арасын байланыстыратын дәстүрлі форумның маңызды екенін айтты.

— Елдеріміздің арасындағы қарым-қатынастар табысты дамып келеді. Былтыр тауар айналымы 14 пайыздан асты. Инвестиция көлемі ұлғая түсті. Біз тұрақты түрде кездесіп отырамыз. Дегенмен, ерекше назар аударатын мәселелер әрқашан табылады, — деді Ресей Президенті.

Шекара маңы ынтымақтастығын дамытудың өзекті мәселелеріне арналған форум жұмысына өңірлер мен облыс-

тардың басшылары, салалық мемлекеттік органдар мен екі елдің іскер топтарының өкілдері қатысты.

Қазақстан Президенті Форумның мемлекеттер арасындағы өзара ықпалдастықты дамытуға бағытталған игі дәстүрге және толыққанды механизмге айналғанын, өткен жылдардағы ынтымақтастықтың нәтижесі осының айқын дәлелі екенін атап өтті.

— Өзара сауда-инвестициялық ықпалдастығымыз айтарлықтай кеңейді. 2003-2018 жылдар аралығында сауда көлемі 3,5 есе ұлғайды. 2018 жылы тауар айналымы 6,5 триллион теңгеден асты немесе 19 миллиард АҚШ долларына жетті, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев энергетика, мұнай-газ салаларындағы екіжақты іс-қимылдардың өсу қарқынына оң баға берді.

— Каспий құбыр консорциумы құрылған сәттен бастап, «Теңіз-Новороссийск» мұнай құбыры арқылы әлемдік нарыққа 500 миллион тоннадан астам мұнай жеткізілді. Бұл — айтарлықтай көрсеткіш. Сонымен қатар, консорциум біздің елдеріміздің күш-жігерін біріктіру және сенімді шетелдік инвесторларды тарту арқылы алынатын синергия тұрғысынан тиімді. Біздің кәсіпорындарымыз Қазақстанның «Теңіз», «Королевское» және «Қарашығанақ» кен орындарында, сон-

дай-ақ, трансшекаралық «Хвалынское», «Центральное» және «Құрманғазы» кен орындарында бірлескен жұмыстар жүргізуде, — деді Президент.

Мемлекет басшысы Еуразиялық экономикалық одақ аясында жүргізіліп жатқан ықпалдастықтардың нәтижелеріне тоқталды. Оның айтуынша, өңірлердің Еуразиялық экономикалық одақтың мүмкіндіктерін белсенді пайдалануы өзара сауда-саттықтың артуына, жеткізілетін тауар номенклатурасының кеңеюіне және инвестицияның ұлғаюына ықпал етті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Ресейдің ынтымақтастығы экономиканың тұрақты өсімін қамтамасыз етудің және халықтың әлеуетін арттырудың негізгі тетігі бола алады деп есептейді.

— Екі елде де инвестиция тарту және экспортқа ықпал ету үшін құрылған арнайы даму институттары жеткілікті. Бұл институттар тауарларды жеткізу үшін перспективалы нарықтар мен өңірлеріміздің инвестициялық және инфрақұрылымдық мүмкіндіктерін сараптап, ол жайында бизнесті ақпараттандырып, елдеріміздің шекаралас өңірлерінің нарықтарын зерттеу жөніндегі бірлескен бағдарламаны әзірлеп, іске асыра алады. Бұл жұмысты тұрақты әрі жүйелі жүргізу керек деп есептеймін, — деді Мемлекет басшысы.


Қазақстан Президенті шекара маңындағы өңірлердің инфрақұрылымдық әлеуетін нығайтуға мүмкіндік беретін шекара маңы ынтымақтастығының бағдарламасын әзірлеуді ұсынды.

Жалғасы 3-ші бетте

ЕРЛАН АЙТАХАНОВ Ескі қала БЕКІНІСІНІҢ КІРПІШІН ҚАЛАДЫ

Шымкентте ескі қалашық бекінісін қалпына келтіру жұмыстары келесі жылы аяқталады. Бұл туралы Шымкент қаласының әкімі Ерлан Айтаханов аталмыш орынды аралау барысында мәлімдеді.

«Цитадель қалашығы болашақта туристер мен қала тұрғындарының ең қызықты нысандардың біріне айналуы тиіс. 2020 жылы Шымкент ТМД елдерінің мәдени астанасы атанатынын ескерсек, аталған нысандағы археологиялық қазба жұмыстарды өте қарқынды түрде жүргізуіміз керек. Жерасты қаласын аршыған археолог-ғалымдарымыз көптеген тарихи жәдігерлер табуға. Келер жылы болатын айтулы іс-шараларға қазірден



Әдеттегідей, аптаның әр сенбісіне Цитадельге ат басын бұратын шаһар басшысы бұл күні де тиісті мамандарды сонда жинап, бірқатар нақты тапсырмалар берді.

Аралау барысында шаһар басшысы Цитадельдің Оңтүстік қақпасының алғашқы кірпішін қалады.

Мегаполис әкімі Ерлан Айтаханов ескі қалашықта жүріп жатқан қайта қалпына келтіру жұмыстарымен танысты. Қала аумағындағы тарихи маңызы зор бұл орында бүгінде археологиялық қазба жұмыстарымен қатар, жаңа нысандардың құрылысы жүрде. Келесі жылы пайдалануға берілетін тарихи орын, туристердің көп шоғырланатын мекеніне айналмақ. Мемлекет меншігіндегі бұл «ескі қалашықта» 3 жылдан бері археологиялық қазба жұмыстары жалғасуда. Нәтижесінде, XVIII-XIX ғасырларға тиесілі құнды деректер жинақталған. Ол тарихи заттар дәл осы жерден бой көтеретін аспан асты музейіне орналастырылады. Ескі қаланы қайта қалпына келтіру арқылы Шымкент қаласына келетін туристердің санын арттыру мақсаты көзделген. Осы жоспардың орындалу барысымен танысқан қала әкімі Ерлан Айтаханов жұмыстың нәтижелі болуы үшін, пайдаланылатын кірпіштің сапасына дейін мән беруді тапсырды. Айта кетейік, ескі қалашықтағы тарихи нысандардың сыртын жергілікті «Бешқұдықтас» компаниясы өндіретін табиғи карал тасынан қаптайтын болады. Ал, ескі қалашық аумағындағы тұрғын үйлердің жағдайына келетін болсақ, бірқатары сүрілуі тиіс. Қазіргі уақытта тұрғындарға түсіндіру жұмыстары жасалуда.

бастап сақадай сай болуымыз қажет», — дейді Е.Айтаханов.

Ескі қалашықтың қайта қалпына келтіру жұмыстарының ең негізгілері осы жылдың соңына дейін аяқталмақ. Ал, толығымен пайдалануға берілетін мерзім келесі жылдың енішінде. Бұл қалашық аймағында сонымен қатар, амфитеатр да бой көтермек. 2020 жылы Шымкент қаласы ТМД елдерінің мәдени астанасы болуына байланысты өткізілетін шаралар дәл осы театрда ұйымдастырылады деген жоспар бар. Қаланың соңғы жылдары экономикалық өлеуеті де еселене түсіпті. Шымкенттің дәл осылай қарқынды дамуы мәдени астана мәртебесін алуға сеп болғаны сөзсіз. Бұл әрі шаһарға жүктелген үлкен жауапкершілік. Осы арқылы салт-дәстүріміз бен мәдениетімізді халықаралық деңгейде кеңінен насихаттауға мүмкіндік беріп отыр. Шымкент ТМД-ның мәдени астанасы болып бекер таңдалған жоқ. Шаһар бұрыннан мәдениет пен руханияттың, ынтымақ пен бірліктің ордасы. Ал мәдени астана мәртебесі қаланың одан әрі дамуына серпін берері анық.

Ескі қалашықты қайта қалпына келтіру жұмыстарының алғашқы кірпіштерін қала әкімінің өзі қалады. Сондай-ақ, қалашық аумағында салынатын нысандар мен қоршаулар және екі бірдей қақпа да шығыс стилінде болу керек деген тапсырма берді. Сол арқылы қалаға келуші туристерді көбейте аламыз дейді Ерлан Айтаханов.

Айта кетейік, Цитадель Шымкенттің негізгі туристік орны болады деп күтілуде.

Аруна ПЕРНЕБЕК

Тағайындау



Қайрат ӘБДУӘЛИЕВ -

Түркістан облыстық табиғи ресурстар және табиғат реттеуді пайдалану басқармасының басшысы

Түркістан облысы әкімінің өкімімен Түркістан облыстық табиғи ресурстар және табиғат реттеуді пайдалану басқармасының басшысы болып Қайрат Аманкелдіұлы Әбдуәлиев тағайындалды. Қ.А.Әбдуәлиев 1968 жылы өмірге келген, білімі жоғары, ғалым-агроном, заңгер. Еңбек жолын 1986 жылы Түлкібас ауданы, Киров атындағы колхозының «Алтын арай» жастар комсомол бригадасының шопаны ретінде бастаған. Мемлекеттік қызметті өткеруді 1999 жылы Түлкібас ауданы әкімі аппараты аймақтық даму және кадрлармен жұмыс бөлімінің бас маманы лауазымында бастаған. 2001-2004 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті Түлкібас ауданының өкілі-бас маманы және төрағасы лауазымын атқарды. 2004-2010 жылдары аралығы ҚР АШМ Түлкібас аудандық аумақтық басқармасының бастығы, өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекция бөлімінің бастығы, инспекция бастығының орынбасары және бастығы қызметтерін атқарған. 2010 жылдың наурыз айынан бастап Түлкібас ауданының әкімі, ал 2016 жылдан Сарыағаш ауданының әкімі лауазымын атқарып келді. Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалану саласындағы іс-шараларды жүзеге асыру функцияларын орындайды

Ұлы Жеңіске 75 жыл!

МЕРЕЙТОЙҒА ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛЫП КЕТТІ

Үкімет үйінде Премьер-Министрдің орынбасары Бердібек Сапарбаевтың төрағалығымен Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығын Қазақстан Республикасында атап өту және оған дайындықты ұйымдастыру жөніндегі Ведомствоаралық комиссияның отырысы өтті, деп хабарлайды ҚР Премьер-министрінің баспасөз қызметі.

Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары - Қарулы Күштердің Бас штабының бастығы Мұрат Бектанов тиісті шаралар Жоспарының жобасы туралы ақпаратты ұсынды. Атап айтқанда, Жеңістің мерейтойлық жылында мынадай іс-шаралар жоспарланған:

- әскери шеру өткізу;
- ҰОС жылдары қаза тапқан қазақстандық жауынгерлердің ескерілмей қалған молаларын және көмілмей қалған қалдықтарын анықтау бойынша іздеу жұмыстарын жүргізу;
- ардагерлердің ТМД елдерінің аумағында өткізілетін шараларға қатысу;
- ардагерлерге әлеуметтік көмек көрсету;
- мерейтойлық медальдар тапсыру, мәдени-бұқаралық шаралар ұйымдастыру.

Жоспар жобасында барлығы 67 іс-шара қарастырылған.

Бердібек Сапарбаев әрбір облыста Жеңістің мерейтойлық жылын атап өтуге дайындық жөніндегі өңірлік комиссиялардың жұмысын ұйымдастыру қажеттігін айтты. Сонымен қатар, вице-премьер Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне әкімдіктермен және «ҚР Ардагерлер ұйымы» РҚБ Орталық кеңесімен бірге Жеңістің 75



жылдығына орай ҰОС ардагерлері мен мүгедектеріне бірдей бір реттік төлем сомасын белгілеу мәселесін пысықтауды тапсырды. «ҰОС ардагерлерін, тыл еңбеккерлерін, тарихи миссияны орындап, фашизмді жеңуге үлес қосқан қазақстандықтарды ардақтау жалпы мемлекеттік ауқымдағы шара. Біз күш-жігерімізді оларды жан-жақты қолдауға бағыттауымыз қажет. Ешбір ардагер назардан тыс, қамқорлықсыз қалмауы тиіс», - деді Б. Сапарбаев.

Кеңесті қорытындылаған вице-премьер Жеңістің мерейтойлық жылын атап өту бойынша барлық шаралар еліміздегі қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге, қоғамның ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы мен Мемлекет басшысының саясатына бағытталуына, жас ұрпақтың бойында ұлтжандылық сезімді нығайтуға бағытталуы тиіс екенін жеткізді.

ВАК отырысына қорғаныс, ішкі істер, қаржы, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктерінің, «ҚР Ардагерлер ұйымы» РҚБ Орталық кеңесінің және басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері, сондай-ақ облыс әкімдерінің, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары әкімдерінің орынбасарлары қатысты.

«АУЫЛ - ЕЛ БЕСІГІ» - ТҮРҒЫНДАРДЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫН АРТТЫРАДЫ



ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында «Ауыл – ел бесігі» жобасын іске асыру барысы қаралды, деп Аталған бағытта атқарылып жатқан жұмыстар туралы Премьер-Министрдің орынбасары Р. Скляр, өңірлердегі жағдай туралы Алматы облысының әкімі А. Баталов, Шығыс Қазақстан облысының әкімі Д. Ахметов, Ақмола облысының әкімі Е. Маржықпаев баяндады.

«Ауыл – Ел бесігі» жобасын іске асыру Елбасының 2019 жылғы 27 ақпанда «Nur Otan» партиясының XVIII съезінде берген тапсырмаларына сәйкес басталды. Жоба Елбасы Н. Назарбаевтың және Президент Қ. Тоқаевтың тапсырмалары бойынша өзірленіп жатқан аудандар, қалалар мен облыстар бойынша аумақтарды дамытудың өңірлік бағдарламалары үшін берік негіз бола алады.

«Ауыл – Ел бесігі» жобасының негізгі мақсаты – ауылдық жерлерде өмір сүру сапасын жақсарту, ауылдық аумақтардың инфрақұрылымын жаңғырту, оларды өңірлік стандарттар жүйесінің параметрлеріне келтіру. Жаңа әдістеме бойынша 3477 перспективалы ауыл іріктелді, онда 6,6 млн адам немесе ауыл халқының 85% тұрады. 2027 жылға дейін Жобаға бөлінетін қаражатты 900 млрд теңгеге дейін жоспарланған қосымша арттыруды ескерумен, ауылдық жерлерді дамытуға бағытталған басқа мемлекеттік бағдарламалармен бірге қаржыландырудың жалпы көлемі 2 трлн теңгеден асады, ал жобалар саны 30 мыңнан астам.

Премьер-Министр А. Мамин Жобаны іске асыру аясында 7 жыл ішінде ауылдардың барлық инфрақұрылымын жаңарту, 7 мың шақырымнан астам жолды және ауылшілік көшелерді салу және жөндеу, тіршілікті қамтамасыз ететін ин-

женерлік желілерді салу, сапалы ауыз сумен 100% қамтамасыз ету, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт объектілерін реконструкциялау және салу, сонымен қатар 130 мың жаңа жұмыс орындарын құру арқылы 7 млн-ға жуық ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсарту, күтіліп отырғанын атап өтті.

Үкімет басшысы «Ауыл – Ел бесігі» жобасын қаржыландыруды ұлғайту туралы ұсыныстарды енгізуді, жылдар бойынша топтастырып және қажетті қаржыландыру көлемімен тірек және спутниктік ауылдық елді мекендердің тізімін қайта қарауды, сондай-ақ, ағымдағы жылдың соңына дейін 2020-2026 жылдарға арналған жаңартылған «Ауыл – ел бесігі» жобасын дайындауды тапсырды.

Шығындардың 70%-ы республикалық бюджеттен қаржыландырылатын болады. Өңірлердің әкімдіктеріне шығындардың қалған 30%-ын бірлесіп қаржыландыру көздерін анықтау тапсырылды. Сонымен қатар, жобаларды жүзеге асыру үшін бюджеттен тыс қаражат тарту, қажетті құжаттаманы дайындау және әрбір тірек және спутниктік ауылдық елді мекен үшін Экономиканы дамыту жоспарларын өзірлеу қажет.

Елбасының Түркістан қаласын дамыту туралы тапсырмасына сәйкес, көне шаһарда 26 нысанның құрылысы өңірлер, ұлттық компаниялар және бизнес өкілдері тарапынан жүргізілуде. Мәселен, әкімшілік-іскерлік орталықта 16 нысан тұрғызылады. Олардың ішінде облыс әкімдігі, басқармалар, департаменттер, конгресс-орталығы, медиа-орталығының ғимараты, Нұр-сұлтан алаңы, оқушылар сарайы, стадион, музыкалық мектеп, сандық кеңсе, бассейні бар спорт кешені, Смарт сити байланыс жүйесі, олимпиада резервінің спорт мектебі, қалалық саябақ, туризм колледжі және халыққа қызмет көрсету орталығының ғимараттары бар.

Сонымен қатар, қаланың рухани-мәдени орталығында 10 нысанның құрылысы жүргізілуде. Елбасының рухани астанаға сапары барысында бірқатар нысандар пайдалануға берілген болатын. Ал, келешекте бір мезетте 7 мың адамды құшағына сыйдыратын стадионның құрылысы көп ұзамай

ТҮРКІСТАН ТҮРЛЕНІП КЕЛЕДІ



аяқталады. Түркістан облыстық сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Бахтыбай Дүйсебековтің айтуынша, жеңіл ашықтық тарихи сәулет - 7 000 көрермені бар орындар, жабық мінберлер және жасанды көгалдан тұрады. Сондай-ақ, стадионның құрылысында әкімшілік кабинеттер, жабық жүгіру алаңы, шағын футбол алаңдары, дикторларға арналған бөлмелер, 500 көлікке арналған автотұ-

рақтар енгізілген. Ал, жабық бассейні бар спорт кешені де Түркістанда жүзу спортын дамытуға негіз. Ғылыми әмбебап кітапхана құрылысы 600 мыңнан астам кітап даналарының үлкен қорына айналады. Сондай-ақ, кітапхана қорын түркі әлемінің тарихы мен ғылымы туралы ақпаратпен толтыру жоспары бар. Ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсету - басым бағыттардың бірі.

Бетті дайындаған: Салтанат ТОЙБОЛОВА

Бұл аптада кімдер туылған?

14.11.1947
Қуаныш Айтаханов
Мемлекет және қоғам қайраткері

14.11.1955
Шаһаризада Дәнеева
Қазақ Журналистикасының қайраткері

18.11.1963
Дәулет Тұрлыханов
Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы

Құрметті туылған күн иелері! Сіздерді «Айғақ» газетінің ұжымы туған күндеріңізбен шын жүректен құттықтайды!

– Шекара маңы аймақтарының инфрақұрылымдық әлеуетін кеңейту және дамыту қажет. Қолданыстағы инфрақұрылым заманауи талаптарға сай келмейді. Сондықтан, алдымызда ауқымды жұмыс бар. Құрылған трансұлттық дәліздерді, соның ішінде «Бір белдеу, бір жол» және «Солтүстік – Оңтүстік» мегажобаларын ескере отырып, шекаралық өткізу бекеттерін жаңғырту керек. Бүгінде өткізу бекеттерін кеңейтіп, қосымша бірнешеуін ашу қажеттігі туындап отыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Баяндамада екі елдің өндірістік кооперациясы саласындағы Бірлескен іс-қимылдар бағдарламасының маңызды рөл атқаратынына баса мән берілді. Президент салалық министрліктерді, өңірлерді, экспортты дамыту және қолдау институттарын үшінші елдердің нарықтарына бірлесе шығу кезінде өзара белсенді іс-қимыл жасауға шақырды. Сонымен қатар ол екі елдің бақылаушы органдарының арасында тығыз ынтымақтастық орнату пайдалы деп санайды.

– Ауыл шаруашылығы – кез келген экономиканың аса маңызды секторларының бірі екені жасырын емес. Бақылаушы органдардың осы салаға ерекше назар аударуы түсінікті және тиімді. Бірақ, ол шектен шықпауы тиіс. Сондықтан, өкімшілік кедергілерді болдырмау, туындайтын мәселелерді шешуде жеделдікті қамтамасыз ету

ҚАЗАҚСТАН-РЕСЕЙ: ШЕКАРА МАҢЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫН ДАМУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



үшін тиісті министрліктер мен ведомстволар арасында толыққанды, күнделікті байланыс қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Спорт саласындағы ынтымақтастық бағдарламасын әзірлеуді, сондай-ақ, Қазақстан астанасында Бауман атындағы университеттің базасында физика-математика мектебін ашу жөніндегі бастаманы қолдады. Сөйкесінше, Ресейдің шекаралас аймақтарының бірінде «Назарбаев Зияткерлік мектебінің» филиалын ашуда болады деп санайды.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзінің соңында экологиялық проблемаларды шешудің маңыздылығын айта келе, келесі өңіраралық форумды 2020 жы-

лы Көкшетау қаласында өткізуді, сондай-ақ, оның тақырыбын «Экология және жасыл өсім саласындағы ынтымақтастық» деп атауды ұсынды.

Форум қорытындысы бойынша мынадай құжаттарға қол қойылды:

– «Қазақстан-Ресей» шекара маңы ынтымақтастығы бағдарламасының тұжырымдамасы;

– Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі мен Ресей Федерациясының Мәдениет министрлігі арасындағы 2020-2022 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасы;

– Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі

мен Ресей Федерациясының Көлік министрлігі арасындағы Қазақстан-Ресей шекарасындағы өткізу бекеттерінің жұмысы жөніндегі бірлескен іс-қимыл бағдарламасы;

– Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен Ресей Федерациясының Жастар ісі жөніндегі федералдық агенттігі арасындағы Жастар саясаты саласындағы өзара түсіністік туралы меморандум;

– Қостанай облысының өкімдігі мен Челябин облысының үкіметі арасындағы сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық ынтымақтастық туралы келісім;

– Павлодар облысының өкімдігі мен Қорған облысының үкіметі арасындағы сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, гуманитарлық және өзге де салалардағы ынтымақтастық туралы келісім;

– Қазақстан Республикасы Павлодар облысының өкімдігі мен Ресей Федерациясы Новосибир облысының өкімшілігі арасындағы 2019-2021 жылдарға арналған сауда-экономикалық, әлеуметтік, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық туралы келісімді іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары;

– «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы мен «Ресейдің шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау банкі» акционерлік қоғамы арасындағы ынтымақтастық туралы келісім.

XVI өңіраралық ынтымақтастық форумы аясында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин екі елдің шекара маңы аумағының инвестициялық мүмкіндіктерімен танысты. Президенттерге дайын инвестициялық жобалардың пулы ұсынылды.

Сонымен қатар мемлекеттер басшыларына Қазақстан мен Ресей шекарасындағы өткізу бекеттерінің Бірлескен іс-қимыл бағдарламасы көрсетілді. Жол картасына сәйкес бес жыл ішінде 40-тан астам автомобиль және темір жолдардағы өткізу бекеттері толықтай жабдықталады.

ТҮРКІСТАН АЙМАҒЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯСЫ – БАСТЫ НАЗАРДА



Қарашада Қазақстанның Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев Түркістан облысына жұмыс сапарымен келген. Бұл туралы министрліктің ведомствосынан хабарлады. Өңірдегі бірқатар нысандармен танысып, экология саласына, әсіресе, су ресурстарына байланысты көптеген жобаларды талқылап, нақты тапсырмалар берді. Түркістан аймағындағы сумен қамту және суармалы жерлерді суландыру үшін, су қорының жеткіліксіз екендігі белгілі. Осыған орай, облыстағы су қоймалардың қысқа дайындығы мен тасқынның алдын алу мәселелері де сөз болды.

Түркістан облысы еліміздегі халық тығыз орналасқан аймақ. Мұнда Қазақстан халқының 15 пайызға жуығы өмір сүреді. Аймақта экологиялық мәселелер де бар. Шымкент мегаполиске айналған соң, облыс орталығы Түркістан қаласына көшті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының тапсырмасымен өңірде экологиялық, тарихи-мәдени және танымдық бағытта 57 туристік маршрут әзірленді. Түркістан өңірін тұтас түркі әлемінің рухани астанасы мәртебесіне қайта көтеру мақсатында жасалып жатқан ауқымды жұмыстардың бір бөлігі – аймақ экологиясын түзеу. Сондықтан да, Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев ұлттық рухымыздың ежелгі астанасының қайта жаңғырып, жасарғаны бәріміз үшін де игі қуаныш екендігін айтып отыр. Бүгінде үлкен құрылыс алаңына айналған Түркістан қаласында назар аударатын мәселелер баршылық. Сол қарқынды құрылыстан шыққан құрылыс қоқыстары мен шаң-тозаң да өңір экологиясына уақытша теріс әсер ететінін де жоққа шығармаған жөн. Мұ-

ның барлығы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің жіті назарында.

Өңірдегі тағы бір өзекті мәселе – облыс орталығы Түркістан қаласын сумен қамтамасыз етуді жақсарту болып табылады. Қазақстанның экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев Түркістан өңіріне сапары барысында осы мәселе бойынша бірқатар кездесулер өткізді. Кездесу барысында «Южагропромпроект», «Жер ана», «Проект-А» және «Түркістан инжиниринг» қатарлы жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері мен жобалау ұйымдарының басшылары Түркістан қаласын сумен қамтамасыз етуді жақсарту бойынша бірқатар жобалар ұсынды. Әрине, бұл жобалардың экономикалық тиімділігімен қоса, экологиялық тазалығы мен табиғатқа пайдасы тұрғысынан зерттеліп, зерделенген соң ғана талапқа сай жобаларды пайдалану керектігі түсінікті болса керек.

Аймақта су тапшылығы бар. Еңбекшіл Түркістан тұрғындарының адал еңбегінің жемісі су қорының жеткілікті болуымен тікелей байланысты. Түркістан ай-

мағында 1967 жылы салынған сыйымдылығы 370 млн. м3 Бөген су қоймасы Арыс-Түркістан суармалы алқабының жалғыз су көзі. Өңірде суармалы жердің көлемі 45 мың гектардан қазіргі таңда 70 мың гектарға дейін ұлғайды. Транзиттік су ағынын ескере отырып, су пайдалану қажеттілігін жабу мүмкіндігі тек 520 млн.м3 құрайды. Яғни, өңірде тағы 180 млн.м3 су жетіспейді. Бұл тапшылықты жою үшін Түркістан облысы өкімдігі көптеген жобалар әзірлеген. Министр М. Мырзағалиев осы жобалармен танысты. Аталған жобалар Түркістан қаласы мен облыс аумағындағы су тапшылығы мәселесін шешіп, 31,2 мың гектар суармалы жерді сумен қамтамасыз етеді. Министр сондай-ақ, Қосқорған су қоймасында болып, «Жасыл Кентау» МКК жұмысымен, Мырғалымсай кен орнынан Түркістан қаласына дейінгі VI-Group компаниясы жүргізіп жатқан су құбырының құрылысымен және Кентау қаласының экологиялық жағдайымен, табиғатты қорғау қызметімен кеңінен танысты. Кентау қаласы, Шаға ауылдық округіндегі жаңбырлатқыш машиналардың жұмысын көрді.

Нәтижесінде, министрлік тарапынан суды қарқынды сүзгілеу жүргізілетін Көксарай су реттегішінде тәулік бойы кезекшілік жасауға нұсқау берілген. Жыл соңына дейін осы нысанды жаңғырту жобасы дайындалмақ. Сонымен қатар, сумен қамтамасыз ету өңірлік бөлімшелеріне қыс мезгіліне және сутасқынына дайындықты күшейту тапсырылды.

Түркістан облысына жұмыс сапары барысында М. Мырзағалиев Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің мемлекеттік емес қарызы есебінен жүзеге асырылатын ПУИД-2 жобасының «Арыс-Түркістан» нысанына барды. Жобада 300 км астам ирригациялық каналдарды, 9 км коллекторды, 72 тік дренаж ұңғымасын, 33 бақылау ұңғымасын және 10 мың га суармалы алқапта басқа да гидротехникалық құрылыстар, жолдар салу және қайта құру көзделген. Ирандық мердігерлік мекеменің жұмысымен танысу барысында бетондау жұмыстарын жүргізуде механизацияны қолдану және жаппы құрылыс, жер жұмыстарын жүргізу кезінде IT-шешімдерді қолдану арқылы жұмыс қарқынын күшейту ұсынылды. Бұл жобалардың барлығы, еліміздің оңтүстік өңірінің экологиялық жағдайын жақсартып, су тапшылығын түбегейлі шешуге бағытталған кешенді шара деп түсінуге толық негіз бар. Жаңадан құрылған министрлік тізгінін қолына алғаннан бері, іскерлік пен заманауилық танытып, әлемдік экологиялық тенденцияларды түсініп, оны еліміздің жағдайына үйлестіре қолданып, ел экологиясын жақсартуға еңбек етіп жатқан Мағзұм Маратұлының еңбегінің бір парасы осы. Халқымыздың экологиялық мәдениетін көтеріп, туған өлкемізді бірге көркейту құзырлы министрліктің ғана емес, барша азаматтың борышы болғаны жөн.

Бетті дайындаған:
Сейсенбай АХМЕТ



айырылып, небәрі 9 жасында жетім қалады. Тағдыр талқысы деген осы екен ғой. Тірі қалған ағасы Нұрмахан екеуі «Антоновка», «Балықты», «Қызылту» балалар үйінде тәрбиеленіп өседі. Екеуіде зеректе-зейінді озат оқушы болады. Әсіресе, Баймазан үшқыр ойлы, әдебиетке жақын болып өседі. Балалар үйінде оқып жүріп өлеңдер жазып, қабырға газетінің мектепшілік редакторы болған. Ата-анадан ерте айырылған ағайынды Көрібаевтар ерте есейеді. Колхоздың малында бағады, тракторшының көмекшісіде

МАЙДАНГЕР - АҚЫН БАЙМАХАН АТА

НЕМЕСЕ 74 ЖЫЛДАН KEЙІН KЕЛГЕН НАГРАДА

болып, өртүрлі жұмыстар атқарады. Ұлы Отан соғысы басталғанда ағасы Нұрмахан майданға шақырылды. «Москва үшін болған шайқасқа» қатысып, ауыр жараланып, комиссия шешімімен елге оралады. Көп ұзамай ауыр жарақаттың зардабынан қайтыс болады. 1942 жылдың қаңтарында Баймахан ағамыз өзі сұранып соғысқа аттанады. «Аттанарда» деп аталатын жыр шумағында:

*Қайыр қош, Сарыбұлақ
өскен далам,
Қар басып, қажыраған
таулы салам?
Қайыр қош, моладағы
ата-анам,
Майданға міне, аттанды,
кетті балаң!*

*Жеңілмек жау, жеңеді
Совет халқы.
О баста, әділеттің
жеңу салты!
Сенгін халқым,
сене бер Компартия,
Мың-мыңның аттанарда
осы-анты!*

деп майданға кеткен екен. Соңғы жылдарында, майдан газеттерінде жауынгерлерді жігерлендіретін өлеңдерін үзбей беріп отырған. Белгілі ғалым Көбей Сейдахановтың «Оқ пен жыр» атты деректі кітабы, Әсілхан Оспанұлының «Соғыс жылдарындағы қазақ поэзиясы» атты таңдамалы жинақтарында атап көрсетілген. Ұлы Отан соғысы аяқталып, елге аман-есен оралған, қаруы мен қаламын қоса ұстаған майдангер - ақын Көрібаев Баймахан 1946 жылдан Түлкібас ауданы, Сарыбұлақ ауылдық Кеңесінің хатшысы, кейін төрағасы қызметтерін үлкен абыроймен 1957 жылға дейін атқарады. «Өмір сабағы - өмір жалғасы», «Жүректегі жазулар» атты кітаптардың авторы, аудан ғана емес, облысқа танымал ақын болған. «Аттанарда», «Хат», «Ел ағасы бауырға», «Өке бұлақ-бал бұлақ», «Жамбас торы», «Ауылдасыма», т.б. атты өлең жырларында туып өскен жері Сарыбұлақ ауылын, ағайын - туыс бауырларына, ауылдастарына арнап жазған өлеңдері, өзені мен бастау - бұлағын, көк майса шөбін, тау-тасын ерекше тебіреніспен, сағынышпен жазады. Өлеңдерінде қатігездікті, күндестік пен көре алмаушылықты қатты сынап, іштарлық пен әділетсіздікке қарсы шығып, адамгершілікке, турашылдыққа, ынтымақ пен бірлікке шақырады. Сарыбұлақты, туган жерін осыншама жақсы көріп, жырға қосқан Баймахан ағамыздай Отаншыл-патриоттар көп болса екен! 1959 жылы жазылған «Өке-бұлақ-бал бұлақ» өлеңінен үзінді.

*Сарыбұлақ-жәннат,
туған жер.
Жайлау боп қалды, қайран төр.
Көк майсасы құлтырып,
Көсіліп жатты қайран бел!*

*Бұлақтан бастау алатын,
Бірнеше ауыл жағасын.
Сарыбұлақ атты өзені,
Сызылып ағып жататын.*

*Бұлақтан басы басталып,
Мөлдіреп, тастар жастанып.
Қоштасып бізбен, қымастан
Сарыбұлақтан жатты
жас тамып!*
1946-1958 жылдар аралығында Түлкібас ауданы, Сарыбұлақ ауылдық Кеңесінің, «Октябрь», «Абай»

колхоздарының төрағасы қызметтерін үлкен абыроймен атқарған Жұмабек Қыстаубаев 54 жысанда өмірден өтеді.

Майдангер - ақын Баймахан ағамыз «Озбыр ажал тірлігі» атты жоктауында:

*Сүйген інің - Мен едім,
Сүйеніш аға - Сен едің.
Ерелеушем әкемдей,
Барыңда кімнен кем едім.*

*Атадан жалғыз қалсамда,
«Мен жалғызбын» демедім.
«Кем болмаймын десендер,
Еліңді сүйіп деп едің!» - деп жырлаған.*

Батыр ағамыздың өмірбаяны, Ұлы Отан соғысындағы жасаған ерліктері, ақындық шығармашылығы өз алдына бір төбе. Алдағы уақыттарда жинақталып шығарылады. Мақсатым: Баймахан ағамыздай Батырлардың ерлігін елге таныту. Тілі мен діні басқа болса да Ресейдей алып көршіміздің адамгершілік жасауында, әділдіктің ақ туы желбіреуінде. Бізден кейінгі жастарға үлгі болса деймін. Ағамыздың өлең - жырлары мен дерек көздері ешқандай өзгеріссіз-өңделмей жарияланып отыр. Айымхан әпкеммен хабарласқанымда аман-саулықтан соң, Жұмахан інім-деді. «Әкеміздің екі ордені және екі медальын Ұлы Өмірханға Ресейдің Қорғаныс Министрлігінің архиві тапсырды». Бізге үлкен қуаныш пен рух берді. Әкемізді мақтан тұтамыз, аудио, видео бір-бірімізді көріп қуаныштан, бәріміз жылап алдық. Өмірхан інімізге риза болып алғыс айттық. Өттең әкеміз бар кезінде табылғанда ғой деп қатты өкіндік» - деп ерекше бір қуаныш, бір өкінішпен айтты. Менің аузыма түскені құтты болсын! Арада 74 жылдан кейін 2 орден мен 2 медаль алу СССР-дің Батыры болумен тең дедім. Қазаққа «Ештен кеш жақсы» деген сөз бар, наградасын артында қалған ұрпақтары, Сіздерге табыстап отыр. Баймахан ағамыздың ұл-қыздарымен, немерелерімен мақтануға, мақтауға болады. Бөріде оқыған, өмірде өз орындарын тауып, елге қызмет етуде. Баймахан ағамнан тараған ұрпақ алып «Бөйгерекке» ұқсайды. Лайым солай болғай! Награда құтты болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Осы мақаланы жазуда пайдаланған деректермен материалдардан көмек көрсеткен Елбасы Н.Назарбаевтың курстасы Марат Қыстаубаев көкеме, Баймаханқызы Айымхан әпкеме алғысым ерекше.

Жұмахан КЕРІМБАЙ
Қызылкөпір ауылы
Тарих пәнінің мұғалімі

Түлнәр әпке (Әңгіме)

Өзбекстан халық жазушысы Айбек

Көшені шаңғытып топ ойнадық. Өзім сатып алған қара топымды ортаға лақтырып тастағанымда, Вәлі қос қолымен келтіре кеп бір ұрды. Доп зу етіп көкке көтерілді де, қайтып біз тұрған жерге түспеді. Ойнап жүрген балалар да тым-тырыс, сілейген бойда тұрып қалды.

- Қап, қандай әдемі доп еді. Шөкір ағаның бақшасына түскені-ай...-деді Фаттақ, үлкендердей-ақ екі қолын арқасына қойып, онан соң маған қарап;

-Енді, бақшаға кіріп жүрме. Білесің ғой Шөкір ағаны. Ашуы тым жаман - деп, насихат айтқан болды. Балалар бірінен соң бірі тарап кетті. Мен жалғыз қалдым. Әлі ойнап, тоя қоймаған добыма деген ынтықтығым минут сайын аса түсті. Тек, Шөкір ағаның бақшасына кіру, аса қорқынышты. Жарты ға жерді егелеген бақша, тым биік дуалмен қоршалған... Ішінде өрік, шабдалы, гилас, көк-сұлтан сияқты, т.б. жеміс ағаштарының бәрі бар. Бұл жемістердің бірде біреуін ешкім де көре алмайтын. Әрі, олардың кімге сатылатындығын да бірде бір жан білмейтін. Тіптен, «өңжір мен анар гүлін төгіп, түйнегі көзге көріне бастаған сәтте, олардың бәрін де Шөкір аға санап қояды»-дейтін көршілер. Менің қара добым, шұбақсыз дәл осы бақшада. Тек оны, қалай алам?... Міне, мұндай кісінің бақшасына кіріп доп алу, оңай емес. Мен көп ойландым... Нәйлаж кіруге бел байлады да, қолайлы жер іздестіре бастадым. Кішкентай көшеден бақшаға кіретін арық тесігі, аздап болса да үлкейіңкіреп қалған екен. Станымды тіземе дейін көтеріп, тесікке басымды тықтым. Оту тым қиын. Басым сигаанымен кеудем сияр емес. Дуалды қолыммен кеңейттім де, жайлап кірдім. Бір сәт, қалың көк шөптің арасына жасырынып жаттымда, жан-жағымға көз тастадым. Ешкім көрінбейді. Бақша іші жым-жырт. Гүлдердің арасында, тынысым тарылып, берекем кете бастаса да, дәл бір сол бақшаның қарауылы сияқты, жан-жақа назар аудара бастадым. Бар ойымды көз алдыма жинақтадым да, добымды ідестіре түстім. Дуал үңгірінен 20-30 адамдай жерде, көк шөптер арасында жабықанын аңғардым. Көңілім орнына түсті. Добымды алған бойда, қайтуға өзірлендім де жан-жағымға тағы қарадым. Дуалға асыла түскен жүзім астында, Шөкір ағаның қызы Гүлнәр мен Тұрды сартараштың баласы Әсадқа көзім түсті. Дерее, көк шөп арасына қайта жасырындым. Іштей; «Үйде, Шөкір аға жоқ екен ғой»- дедім де, бұғып жата бердім. Гүлнәр әпкенің үстінде тозығы жете бастаған атылас көйлек. Сары орамал желкесінде. Топ толық, әппақ етті білегі, Әсадтың мойнына орала түскен. Кейде Әсадқа сүйсіне қараса, ендібірде жігіттің кең көкірегіне басын қойып, бір рахат сезімге кенеле түскендей. Әсад-бір қолымен Гүлнәр әпкенің белінен төмендеу түскен қап-қара қолаң шашын сыйлады. Тіптен, әлі үзілмеген гүл иіскендей, Гүлнәр әпкені жәй гана иіскеп, бетінен сүйіп те алды. Өлде бірдемелер айтқандай, құлағына сыбырлап та қояды. Ең қызығы, мен білмейтін бір сырдың шешімі, ойымды он саққа жүгірте бастады. Жап жасыл көк шөптер арасында, осы күнге дейін жасырынып жатқан сан алаң ойларым, енді-енді ғана ояна бастады. Көшеден өтіп бара жатқан кейбір қыздардың пәренжесінен тартып, кейде аса таяққа асылған кемпірлердің

де басындағы пәренжелеріне де көңіл көзін қадай түсетінмін. Міне, тағыда осындай жәйтті көргеннен сон, жұмған аузымды ашпай, үндемей шығып кетуге мойным жар бермеді. «Бұларды бір шошытуым керек»-деген ойға тірелдім де; «Енді, Гүлнәр әпкені білдім!»-деп, айқайлауым мұң-ақ екен, Әсадтың менің даусымнан шошығаны соншалық, арқанын үзгенін аттай-ақ сытыла жөнелді. Биік дуалға қарғи бастады. Қола-аяғы қалтырағандығы соншалық, түк күші де, қуаты да жоқ. Тағы да биік дуалға қарғиды. Одан да, түк шықпады. Қайта, жығылып түсті. Анадайдан жүгіріп келіп, қайта қарғиды, тағы да жығылып түсті. Гүлнәр бір сәтте бақшаның екінші жағына өтсе де, сасқандығы сонша, бақша есігінің шынжырын ілгегінен шығара алмай, әлек болды. Өз істеген ісіме сүйсінгенім сондай, дуал тесігінен қалай зытып шыққанымды да білмей қалдым. Кеш-құрым сүтке барғанымда, Хайры апай сыыр саууға өзірленіп тұрған екен. Қолымдағы ыдысты алды да, маған қарап;

- Қалқам! Айналайын балапаным. Гүлнәр мен бірге отынханадан отын алып келіндерші Сосын, бір кесені толтырып сүт беремін-деп, онан соң тағы да;

- Гүлнәр! Бадалмен бірге, құрғақ отындардан алып шық!-деді, малханада тұрған бойда, қызына бұйыра сойледі. Гүлнәр әпке үйінен шықты да, - «Бадал жүр!»- деп, мені ертіп жүре бастады. Маған, тік қарай алмайды. Отынханаға кірген соң, көйлегінің екі жеңін түріп алды. Күміс білезіктерін де жоғары көтеріп қойды да, дірілдеген даусымен;

- Бадал! Бағана көргеніңді, тағы да біреулерге айтып жүрме - деді...

- Нені? Гүлнәр әпке - дедім. - Бағанағыны. Мен сені, даусыңнан таныдым. Неге, бауға кірген едің?...

-Добыма...-дедім де, көйлегімнің жеңін тістеген бойда, жұмған аузымды ашпай, тым-тырыс тұра бердім. Гүлнәр әпке маған қарап:

-Қорқып кеткенім сонша, қола-аяғым дірілдеп, жығылуға сәл-ақ қалдым-деді. Танадай жарқыраған қара көздерінен төгіле түскен көз жасы, оның әппақ, тым әдемі жүздерін, ұзын қияқтай кірпіктерін жуып, шая бастады. Одан әрі, көзінің жасын сүрте түсіп:

- Ең жақсысы, үйдегілер білмесін білсе Хайры апан, мені өлтіреді ғой. Күннің батар алдындағы сонғы шапағы, биік дарақтардың әр бұтағына бір қонып, түнді жақсы өткізу мақсатында жайлы орын қидыра түсуде. Дәл жанымда жылап, әрі жалынып тұрған Гүлнәр әпке, жүрегіме қайғы, әрі қуаныш сыйлағанымен, мен оны қалай сендіруімді білмедім де;

- Жоқ әпке! Ешқашан, «Енді білдім!»-дедім, жалына түсіп. Гүлнәр әпке, бірден қуанып кетті. «Өзің жақсы інімің ғой»-деп, еркелете түсті.

Нымшасының қалтасынан ек түйір, аздап кірлей бастаған қант алып, маған берді де, арық жанына барып, бет-қолын жуды. Отын ханадан отындарды тасып болған соң, Хайры апай ыдысыма толтыра құйған сүтті алдым да, тысқа шықтым. Жолай; «Неге, сонша жалынады?... Неге, «Хайры апам білсе өлтіреді»- дейді?-деп, таң қалып ойлана бастадым. Түні бойы, Гүлнәр әпкенің бақыты мен еркіндігінің тым сырлы екендігіне аң-таң боп, әбден берекесіздене түстім.

1930 жыл, 5 қазан.
Өзбекстанда оқиданған
Қалдыбек СЕЙДАНОВ

Абай 175 жыл!

«Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс», деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, расында Абай біздің ұлттық рухымыздың туына айналып отыр. Жас ұрпақтың дүниеге көзқарасын, ой-өрісін, эстетикалық талғамын, адамгершілік, имандылық қасиеттері мен өнерге, сөз өнеріне деген ынтасын қалыптастыруда ұлы Абайдың қасиетті сөздеріне арқа сүйеу өте маңызды. Осы орайда, Ұлы Абайдың 175 жылдығына орай бой көтерген мектебімізде қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігінің ұйытқы болуымен «Абай әлемі» атты онкүндік өткен болатын. Онкүндіктің бағдарламасы – Абай шығармаларын насихаттауға негізделген. Бірінші күні «Қылқалам шеберлері» атты жас суретшілер байқауы өтті. Үміткерлерге қойылған негізгі талап – салынған суреттердің Абай Құнанбаевтың шығармашылығына қатысты болуы. Яғни, суретшілер Абай өлеңдерінде айтылған ойды немесе бейнені қағаз бетіне түсірді. Жас сурет-

АБАЙ МЕКТЕБІ АБАЙ МҰРАЛАРЫН НАСИХАТТАУДА



шілеріміздің озық өнертуындылары мектеп қабырғасына ілінді. Мұнан кейін, «Жыр жазамын Абайдың үлгісімен...» атты жас ақындар мүшәйрасы өтті. Өлеңге таласы бар жас ақындарымыз өлең техникасын сақтау, тақырыпты ашу, қазақ тілінің көркем әрі бай тіл екендігін көрсету сынды талаптарды сақтай отырып, Ұлы ойшылымызға арнап өлең жазды.

Абай өлеңдерін жатқа оқуда алдына жан салмау – біздің мектебіміздің оқушыларына қойылған негізгі талаптардың бірі. Ақын атымен аталатын мектепте оқығандықтан, бұл талапты шәкірттеріміз өзіндік парыздарындай көреді. Бұл сөзім «Өлең – сөздің патшасы» атты Абай өлеңдерін мөнерлеп жатқа оқу сайысында айқын көрінді. Мектеп табалдырығын

кеше аттаған 1- сынып оқушыларынан бастап, үлкен өмірге қанат қаққалы тұрған 11-сынып оқушыларына дейін Абайдың өлеңдерін нақышына келтіре оқып, шәкірт жүректерімен Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасына қолдау білдірді. Абайдың әлемді таңдандырған сан қырын насихаттау бұдан әрмен, «Құлақтан кіріп, бойды алар

әсем өн мен тәтті күй...» атты Абай өлеңдерін шырқау сайысымен жалғасты. Әлемдік классиканың қатарына енген өуезді өндерін өнерлі шәкірттеріміз жетіген, домбыра сынды ұлттық аспаптарда орындады. Сондай-ақ, 9-сынып оқушылары арасында «Абай мұрасы – ұрпаққа аманат» атты эссе сайысы, мектепшілік «Жас Абайтанушылар» ғылыми конференциясы, «Абайды оқы, таңырқа!» атты сұрақ-жауап сайысы және «Абай қара сөздерін» оқу сынды сайыстар шәкірттеріміздің таным көкжиегінің артуына әрі өз заманынан оза туган Абай сөздеріне зеректікпен қарауға жол ашты деген ойдамыз.

Білім ошағында алдағы наурыз айында халықаралық деңгейде ғылыми-танымдық конференция өткізу ойда бар. Конференция аясында ғылыми жобалар сайысын, жас ақындар мүшәйрасы мен ұстаздар арасында эссе байқауын өткізу жоспарланып отыр. Бүгінгі таңда осы ауқымды жобаға дайындық қызу жүруде.

Ботагөз МӘДІБЕК,

А.Құнанбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ЖАҢА ФОРМАТТА ӨТКІЗІЛГЕН ЖАҢАШЫЛ СЕМИНАР

2019 жылдың 8 қарашасында қалалық білім бөлімімен бірлесіп, Түркістан облысы, Түркістан қаласы «Керемет» бастауыш мектеп-балабақша кешенінде жаңартылған білім мазмұны бойынша бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Оқу үдерісінде кері байланыс жүргізудің маңыздылығы және түрлері» атты қалалық семинар өтті. Семинар білім беру мен тәрбие жүйесіндегі жаңашыл әдіс-тәсілдерді, оқыту құралдарын, жаңа педагогикалық және білім беру технологияларын ізденуге және қолдануға әдістемдіру мақсатында өткізілді.

Мектеп ұжымы өз тәжірибелерімен бөлісе отырып, жоғары деңгейде өткізді. Семинарға қалалық мектептерден келген 60-қа жуық мұғалімдер қатысты.

Семинар Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына, қазақтың үш бөйтерегінің 125 жылдығына және мұғалімдердің шығармашылығына, оқушылардың қолөнеріне арналған көрмесінен бастау алды. Семинардың ашылуында мектеп директоры Райхан Қуатбекова, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Сәуле Нұрым-



бетова сөз сөйлеп, семинар бағдарламасымен таныстырып өтті.

Әрі қарай, келген қонақтарға көтеріңкі көңіл сыйлау мақсатында, Берік Назым өткізген «Көңіл күй әлемінде» атты тренингпен жалғасты. Мектептің бастауыш сынып

мұғалімдері педагогикалық шеберліктерін көрсетіп, тәжірибені жақсарту бойынша үлгілі сабақтарын ұсынды. Сабақтарға қатысқан мұғалімдер жоспарлау, белсенді оқыту тәсілдерін қолданудағы өз білімдерін тереңдетіп, командалық оқыту үлгісін

көре алды. Сабақтарға талдау жасау, тілдік дағдыны дамыту аспектілерін айқындауға мүмкіндік берді. Сабақтағы қалыптастырушы бағалау мен оның ажырамас бөлігі – мұғалімнің кері байланысын білікті ұсыну қажеттігін атап көрсетті.

Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Жанат Арыстанбекованың жетекшілігімен «Қызыл телпек» музыкалық композициясы қойылымын көрсетіп, қатысушыларға ерекше әсер қалдырды.

Саралап оқытуды жүзеге асыру бойынша кері байланыстың түрлері мен әдістерімен таныстыру мақсатында Ниязова Гүлчехра өткізген коучинг мұғалімдердің қызығушылығын тудырды.

Ұйымдастырушылар өздерінің кері байланыстарында мектеп мұғалімдеріне көсібилік және ынтымақтастық атмосфера үшін алғыстарын жеткізді. Жиын қорытындысында қалалық білім бөлімінің әдіскерлері Д.Есенғараева мен М.Абдужаппарова ұйымдастырушы тарапты марапаттап, келген қонақтарға алғыс білдірді.

Айкерім БИМЫРЗАЕВА,
Түркістан қаласы

ТҮРКІСТАНДА КӨГАЛДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Түркістан қаласында кезекті сенбілік өтті, деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі. Оған облыс әкімінің орынбасарлары, басқарма басшылары мен қызметкерлері, аудан-қала әкімдіктері мен жергілікті тұрғындар белсене қатысты. Ауқымды шарада облыс әкімінің орынбасары Сәкен Қалқаманов секторлардағы жұмыстармен танысып, ағаш отырғызуға атсалысты. Түркістанды көркейту мен абаттандыру үшін қала 32 секторға бөлінгені белгілі. Бүгін аталған секторлар 25 мың түпкөшет (шаған, сән ағаш, үйеңкі, қараөрік, қарағаш, тұт, каштан, арша, липа) отырғызды. Секторларға бекітілген аудан-қалалар тарапынан сенбіліктегі көгалдандыру, ағаш отырғызу жұмыстарына 2500-ден астам адам мен 245 техника жұмылдырылды. Сонымен қатар аумақтық 23 департамент мамандары қала ішіндегі ұзындығы 8 шақырымды құрайтын Р33, Р-32 каналдарының бойына ағаш егу, тазалау жұмыстарын жүргізді.

ПРОБАЦИЯ ҚЫЗМЕТІМЕН ӨТКІЗІЛЕТІН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРА

Қоғамнан оқшаулаусыз жазаға тартылған сотталғандар арасындағы қылмыстардың алдын алу үшін, желтоқсан айының 10-жұлдызына дейін республикалық профилактикалық іс-шара жүргізіледі. Аталмыш іс-шараның негізгі мақсаты-есепте тұрған бас бостандығын айырумен байланысты емес жазаға сотталған тұлғалардың тарапынан болатын құқық бұзушылықты және қылмыстың қайталануын уақытылы анықтау үшін, тұрғылықты жерлері, өкімшілік деректер базасы және ішкі істер органдарының басқа да есептері бойынша тек-

серу болып табылады. Бұл профилактикалық іс-шара барысында, Шымкент қаласы бойынша ҚАЗ департаментінің Шымкент қалалық Пробация қызметі бөлімінің қызметкерлері және учаскелік полиция инспекторларымен бірлесіп есепте тұрған сотталғандардың тұрғылықты жерлерін тексеріп, құқық бұзушылықтар анықталған жағдайда, сотталғанға қатысты шаралар қолданылады.

М.БИГЕЛОВ,

Шымкент қалалық №1 Пробация қызметі бөлімінің инспекторы, әділет аға лейтенанты.

ГОБЕЛЕНШІ ҚҰРАСБЕК ТЫНЫБЕКОВКЕ ЕСКЕРТКІШ - БЮСТ ОРНАТЫЛДЫ

Төлеби ауданының Аққұм ауылдық округінде орналасқан, белгілі суретші, қазақ ұлттық гобеленінің негізін қалаушы, Құрасбек Тыныбековтің аты берілген жалпы орта мектепте суретшінің ескерткіш-бюсті орнатылды, деп хабарлайды Төлеби ауданы әкімінің баспасөз қызметі. Ашылу салтанатында сөз сөйлеген аудан әкімінің орынбасары Сержан Дүйсебаев талантты қылқалам шеберін өзінің мазмұнды шығармашыл өмірін ұлттық өнерге қызмет етуге және оны да-



болып істей жүріп, Алматы көркемсурет училищесінде педагогтық қызметпен де

айналысқан. Қазақстан суретшілер одағы жанындағы қолданбалы өнер секциясы төрағасының орынбасары болып біраз жыл жемісті қызмет атқарған. Небәрі 33 жыл өмір сүрсе де шығармашылық жұмысымен қатар өз елінің дамуы үшін қоғамдық өмірге де белсенді атсалысқан. Сөндік өнер саласында да көп еңбек сіңіріп, еңбектері үшін бірнеше мәрте жоғары марапаттарға ие болды. Оңтүстіктің ғана емес, күллі қазақ елінің мақтанышына айналды. Оның гобелен жанрында ойлап тапқан жаңа техникасын әлемнің көптеген елдерінде шеберлер өз шығармашылықтарында қолданады. 1991 жылдан бері Төлеби ауданы, Аққұм елді мекеніндегі Қызыл Әскер мектебі Құрасбек Тыныбековтің атымен аталып келеді.

Өйткені, ол кісі Өзбекстанда жүреді, Жызақта, Мырзашөлде кигіземіз, - деп қатаң тапсырыс берді. Қуана орындадық. Облыс Әкімінің ауыл шаруашылығы бойынша орынбасары кезінде Зауытбек Тұрысбеков те заказ берді.

Біреуін – Достық ауданы әкімінің орынбасары, біреуін – Жызақтан келіп өкетті. Үш шапан кетті.

-Жалпы Сіздің шапандарыңыз біраз жерге тарағанына қарағанда сапасы керемет болғаны ғой.

-Кереметін қайдам, кигізуге жарағаны ғой, алғаннан кейін.

-Фирмаңыз тіккен шапанды Қонаев кигеніне қуаныштысыз ба?

-Бақыттымын ғой! – деп еді Кенжебай Мамытов).

Сәрсенбай Есімов:

-Бегім інім, осы залды ниеттеніп салып едім, бүгін бұл жерде үлкен Түркістан мемлекетінің бірінші ақсақалы келіп, дәм татты, осы жерде отырды деп, қуанышпен тілге алып жатырсыз, Жүдө, орынды. Енді Ақсақалдың әлгі саркытынан дәм татайық деп кірдік, бөріміз де ниеттеніп...

-Ниет қалыс, иә, иә, - дейді Бегім қостап.

-Имандылық, мұсылмангершілікке қайтадан қайттық. Ата-бабамыздың ескі дәстүрін жаңартамыз деп үлкен ниеттеміз. Келіп сол ақсақалдың орнына отырдық. Баяғыда Кисловодскіде демалып жүргенімізде бір күні Дамбай деген жерге бардық.

Мақтаарал ауданында прокурор болған бір қарашай Қазбеков деген жігіт сол Дамбайда саяжай-дачаның директоры екен. Сол шақырып бізді мейман қылды. “Сол өңірдің қазақтарының құрметіне бөленген адам едім, таныстарым көп еді, келіп қалып-сыздар. Осы жерге жатыңыздар” деп, үлкен төрт бөлмелі екі люкс бар екен, сонда алып кірді. Біраз іштік, отырдық, кейін ол айтты:

-Мінейерде, - деді, мына комнатада, бір мезгілде Шараф Рашидов бала-шағасымен жатты. Мына люксте Косыгин бала-шағасымен жатып еді, мына залда Щелоков жатып кеткен, - деді.

-О! – дестік.

-Өшердегі адамдардың барлығына сағат сыйлап, подарка жасап, естелік қып кеткен. Енді, ақсақал, осы міне, қазір бөрі бос. Сіздер демаласыздар, - деді. Бір-екі әлгі ірі мейманға арналған машина “Чайка” бар екен, сөйерде даяр тұрады екен, ол “Чайкасында” неміз бар. Біз, жаңағы жайы үшін ырыз болдық. Бірақ, біздің өйерге барып қап жүргеніміз облыс Әкімі Тұрсын Омаровичтің арқасы.

-Кеше, Қонаев қабылдауында болды, - деді Б.Серіков сөз қосып.

-Ол кісі ол жаққа звонок қып қойған. Тыныш қана апар деген. Ол кісінің өйелі де бірге, сол үшін де берген болса керек жайды. Сонда маған “Мына люксте Косыгин жатқан”, “мына люксте Шараф Рашидов жатқан” деді. Мен айттым: “Енді Москваға жетіп барып, Косыгиннің орнына жаттым” деп жүру маған оңай емес шығар. Осы жаңағы Шараф ақаның жатқан қойкасы қайсы, - дедім. (Ду күлкі). Бос тұрған қойка бар екен.

-Нақ осы қойкаға жатқан, - дегенде, мен айттым:

-Сонда о кісі өйелімен екеуі бірге жатты ма екен, жатсам сөйерге жатам, - дедім. Екеуіміз де жатамыз ба өшерде, жоқ біреуіміз жатамыз ба? – деп әзілдеп, қойшы, жаттық сол жерге.

-Сіздің жаныңызға біреу жатпаса болмайды ма?

-Ондай жайларда екеу болса – Мысыр шәр да! Міне бүгін, Бегім Серікович, осы өңірде Жызақ, Сырдария облысында әлгі қазақ атаның балаларынан “63-64 мың адам бар екенбіз” деген сөз боп жүр. Сол өз еліміздің өзiргi ақсақалы бар ма, жасы бар ма, қойған талабын, мақсат-арманын айтып келетін уәкіліміз өзіңізсіз. Бүгін

МЫРЗАШӨЛДЕГІ Кездесулер

(Қонаев пен Рашидов)
деректі хикаяттар

үйіңізде үлкен мереке, үлкен той, үлкен қуаныш, үлкен әруақты ел ерлері дәм татты. Менің шексіз қуанышым, менің шексіз ризалығым – мына Бекежан, менен бірер жас үлкен болса керек, мына үлкен адам Лияс ағам осы үйге келіп дәм татып отыр, қажыға барып келген, бұ кісілердің алдында ризашылығымызды, пікірімізді айтып біз отырмыз. Енді ол кісінің орнына отырып, сол кісі татқан ыдыстан дәм татып, сол кісі аузына алып барған үрімкеден арақ ішіп отыру, бұл енді - үлкен мәртебе демеске дәтім жоқ.

Бұл адамның барлығы сұм дүниенің мейманы ғой, белгілі жылдар ғана жасайды, жас та, көрі де. Кеше бірге жүрген жолдас-тарымыздың жүдө көбісі жоқ. Демек, әлгі, дүние – жалған, бұл жүрген адамдардың барлығы керуен деген рас болса керек. Дүние бзарын, өзіңіз бір адамша, елдің айтуларына да қарағанда, базарлаған адамдардың қатарында бар сияқтысыз. Ол жағын біз де жақсы базарладық, шүкір, жүгіміз жолда ауған жоқ. Енді міне, өзіңіз де жүк артып, сол үлкен базарға баратқан, үлкен ниеттегі адамсыз. Құдай жолыңызды берсін!

-Рахмет, Сөке, - деді солғындау дауыспен Бекең, қариялар керуеніне қосып тұрғанына ренжігендей. Көңіл жас қой!

-Бізді сыйласаңыз, Сізді Құдай сыйласын дейміз енді. Енді міне, алпыс алтыдан, алпыс жетіге басып бара жатырмыз. Бұл оңай жас емес. Лияс Жөкемнің аяғын алып жүрміз.

-Міне, дұрыс әңгіме! – деп қойды Бегім Серіков.

-Енді құрметпенен мына үлкен ағаның орнына отырғыздыңыз. Енді Құдайға қарап, ел де бізді Димекендей сыйласын, ісіміз оңынан келсін дейміз. Басқа жолдастар да міне, осы Бекеңнің атырабында жүрген, “құс - қанатымен ұшады, құйрығымен қона-

ды” деген сөз бар, қанат-құйрығы боп жүрген, бірге істеген жолдастары, бірге жүрген ортасы қолдап, қуаттасын деген, ардақтай берсін деген тілек бар көңілде.

Енді, ақыл-парасаты Бекеңнің жетеді. Сол құрметпен жоғары салада жетіскендігін біз қазір міне, адамдардың сөзінен аңғарып отырмыз. Орынды, жақсы. Онсыз да ел аузында сөз жатпайды, бөріне түсінеміз, бөріні білеміз, байқаймыз. Мен Сізге шексіз ризамын! Ендігі менің сөзімнің аяғын асаба Бекең жалғастырады, Лияс ағам бата береді.

-Рахмет, аға! – Бегім Серіков орнынан тұрды:

-Сөкеңнің осы сөзі үшін бір алып көрейік енді. Бекежан Тоқсанбаев:

-Қонаев жолдас келіп, біздің өзбек ағайынымыз бен қазақ ағайынымыздың жүзін бұрынғыдан да жарқыратып, бұрынғыдан да биік шыңға көтергені үшін көп рахмет! Сондықтан, өзбек ортасындағы біз өзіміздің де осы бағамызды білгеніміз жақсы.

-Дұрыс!

-Әзір біреу мақтау үшін әуелі өзінді біл, сосын мақтан. Осы Мырзашөл ауданы, Мырзашөл ауданы дедік. Аудан абыройын бір адам – Бегім көтерді. Мырзашөл ауданы халықтарының жүзін жарық қылғаныңыз үшін үлкен, ұлық кісіні алып келіп, ауылға, шай-су беріп, ат мінізгеніңіз үшін, мынау ауылдың ақсақалындай тірлік қылған, жас болсаңыз да, Сізге көп рахмет!

-Рахмет!

-Жарайсыз! – деп қол соқты отырғандар. -Енді мен мұндай ірі отырысты басқаруға жарағаным үшін бақыттымын деп тұрмын ғой. Мен үшін де қол шапалақтап жіберейік, - деп күлдіріп алған асаба:

-Енді, бауырлар, бұл жұмыстарды бір адам атқаруы мүмкін емес, мұны ел-жұрттың бірлігі атқарады. Жызақтағы киіз үйлер қандай әдемі болды. Елдің ынтымағы атқарады, елдің елдігі атқарады екен ірі шаруаны. Жақсы кісілердің - осы Мырзашөл ауданынан тәлім-тәрбие көріп жатырмыз деген үлкен ақсақалдардың сөзін көрші аудандарда естіп жүрміз. Оның ешқандай өтірігі жоқ, мінекі, - деп сөзін жалғады.

-Дұрыс, - деді Бегім Серіков.

-Бұл да болса осы Сіздердің қасиеттеріңіз, сіздердің туысқандық, бауырлық тірліктеріңіздің арқасы. Осыдан түйер ойымыз - адам өзі мықты болу керек. Мырзашөл ауданының деу қазанының ортаймауына – ырыс, несібе тасып жүрген Бегім бұл. Меймандардың бірі, кеше: “Бүгін бізге қандай қызмет қылсаңыздар, ертең Құдай сіздерге мұнан да көп қылып береді” деп еді.

-Төлепбек айтты, - деді біреу.

-Екі есе қып! – деп біреу қостады.

-Он есе!

-Құдай бұл жақсылықты мың мәрте қайтарып береді, - деді Лияс бабай.

-Сондықтан ағайын, бұл қызметтеріңіз үлкен тірлік болды. Айналайын Бегім, міне, шын тілегімді, жүректегі пікірімді айтып отырмын. Кеше әлгі Рашидовтың өйелі “жүрегім сөйлеп жатыр” дегенде, мен жылап жіберген, бұл – жүректің сөзі. Ал жүрек тура сөз сөйлейді. Ал енді, сондықтан көп адам, бүгін Бегім Серіковпенен, келін, Сіздерге қалай етіп рахметін айтарын білмей жатыр, сөзін жеткізе алмай жатыр.

-Ия, - деді Бегім.

-Бұл шаңырақ иелері де қуаныштарын бізбен бөлісіп, сіздердің әрқайсыңыздың қызметтеріңізге, ықыластарыңызға рахмет, - деп ниет білдіріп, шапан жауып, сый-сияпат жасап, көңілдеріңізді көтеріп жатыр, ағайын. Болмаса үйіңізде көйлек-шапан жоқ деп тұрған жоқ.

-Бар ол! – деді Бегім ішкі ойын Бекеңдөп басқан соң.

-Бөрі бар. Сондықтан, мұны жақсы түсініп алайық. Осы өзіміздің ынтымағымызға байланысты еліміздің бірлігі. Өзімізге байланысты еліміздің абыройын өзге мемлекетке жүріп сақтау...

Бір ақсақал бір таудың астында, жантақтың үстінде отырған екен. Жолда келе жатқан атты жолаушы бұрылып сәлем беріпті: -Оу, ақсақал! Бұл жерде неғып отырсыз. Елсіз жер ғой бұл, - депті.

-Ей балам, мен бір итті бағып отырмын, - депті.

-Ойпырмай, - деп жолаушы атының үстінен бұлай қараса да, олай қараса да ешнәрсе жоқ.

-Ой, ақсақал-ау, ит те жоқ, күшік те жоқ, ештеңе де жоқ қой бүйерде – депті жігіт танданып.

-Әй, шырағым, мынау екі елі аузымның өзі ит емес пе? Соны бағып отырмын, - деген екен қария. Осы екі елі ауыздан жақсы да шығады, жаман да шығады. Бұл иттен жаман сөз шығып кетпесін деп, жасым кеп қалған соң, осы жерге келіп отырмын, кешке таман барып, үйіме жатамын деген екен.

Ду күлкі.

-Абыройымды жоғалтып алмайын деп, енді қалған қойдың жасындай ғана азғантай жасымда үйде аузыма ықтият болайын деп жатырмын. Қай жерде жүрсем де, Құдай өзі көреді ғой, сол абыройыммен кетейін деп жатырмын, ағайын, - деген екен.

Шырақтарым, көз көргеніне сенеді, құлақ естігеніне сенеді деген, білдіңіз бе?

(Жалғасы бар)

Мылтықбай ЕРІМБЕТОВ,

ҚР Жазушылар Одағының мүшесі,

Әбдіғашпар СЕРІКБАЕВ,

ҚР Жазушылар Одағының мүшесі.

Асқа шақыру

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАН ЕДІ...

Сейдігани Избасарұлы Избасаров 1949 жылдың 31 қаңтарында Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы, «Жұлдыз» ауылында дүниеге келген.

Мектепті бітірген соң 1974 жылы Шымкенттегі Қазақтың химия-технологиялық институтын бітірген соң үй-құрылыс комбинатында еңбек жолын мастер болып бастап, үлеске бастығы лауазымына көтерілген. Еңбексүйгіш, ізденгіш, көпшілік, адал азамат еңбегімен тез танылып, үш жылдан кейін-ақ «Шымкентстрой» акционерлік қоғамы мекемесіне басшы болып тағайында-

лып, осы қызметті өмірінің соңына дейін атқарды...

Отбасына, балаларына, бауырларына, бірге жұмыс істейтін әріптестеріне қамқорлықпен қарап, өзінің ары алдында адалдығын танытты.

Отбасында жұбайы екеуі 2 қыз, 1 ұл тәрбиелеп, жеткізіп, олардан 8 немере, 1 шөбере көрген шағында өмірден озған Сейдігани Избасарұлының соңында өшпестей із қалды. Жалған дүние-ай десеңізші, сағынумен, аңсаумен өткен бір жыл ешкімге де оңай тиген жоқ...

Жаны жайсаң жан Сейдігани Избасарұлы Избасаровтың әруағына бағыштал-



ған 2019 жылдың 16- қарашасында өз шаңырағында қонақасы, жылдық асы 17 қараша күні түскі сағат 12-00-де Шымкент қаласындағы «Шымкент Холл» дәмханасында өтеді.

Жылдық асқа Сейдігани Избасаровтың бауырларын, жора-жолдастарын, қызметтестерін, ағайын-туыс, достарын Құран ішінде болуға шақырамыз.

Асқа шақырушылар:
Избасаровтар отбасы.

Көңіл айту

ЖАРҚЫН БЕЙНЕҢ -ЖАДЫМЫЗДА...

Талғат Бөкірұлы Нұржанов ағайын-туыс, дос-жаранға, бауырларына, айналасында жүргендерге тек жақсылық нұрын шашып жүретін бір туар азамат еді. 2019 жылдың 3 қарашасында ойламаған жерден, асқаралы алпыс жасқа толар шағында о дүниелік болғанда, сенерімізді де, сенбесімізді білмей қалдық...Шіркін-ай, қандай тамаша жан еді десеңізші Талғат Бөкірұлы!

Қарағанды қаласындағы жоғары милиция мектебін бітіріп, Шымкентте облыстық ішкі істер департаментінде инспектор, бөлім бастығы болып, полковник шенімен зейнеткерлікке шыққан еді.

Талғат Бөкірұлы Мардан Сапарбаев атындағы университетте ұстаздық ете жүріп, кафедра меңгерушісі болды. Кейін жеке адвокаттық кеңсе ашып, халыққа қалтқысыз қызмет етті.

Біз Талғат Бөкірұлын өлімге қимадық... Бірақ, Алланың ісіне қарсы тұрап дәрмен жоқ бізде...Амал қанша...Сұм ажал ортамыздан алып кетті.

Талғат, Сен біздің жүрегімізде мәңгі сақталасың, жарқын бейнең көз алдымыздан кетпей, сағынып жүрміз...

«Тірі өледі, қара жер болар жастығың, ісі мен сөзі өлмейді, өзі өлсе де жақсының»

Көңіл айтушылар: анасы Қаншайым Жорабекқызының бір топ достары мен жора-жолдастары.



деген жақсы сөз өзіңе арналып айтылғандай, Талғат Бөкірұлы Нұржанов!

Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, жаның жәннатта болсын!

Біз, абзал азаматтың аяулы анасы Қаншайым Жорабекқызына және туған-туыс, ағайын-жегіжат, дос жарандарына орны толмас қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Большинство людей, ежедневно совершая покупки, а также пользуясь различными услугами, попросту не задумывается о том, что в момент покупки тех или иных товаров (услуг) становятся одной из сторон сделок розничной купли-продажи. Граждане ежедневно совершая такие сделки, должны знать о своих потребительских правах и интересах. Заключая договора с организациями на выполнение работ и оказание услуг всегда нужно помнить и о потребительских правах на случай непредвиденных споров с продавцом (услугодателем).

Практика рассмотрения многочисленных обращений граждан показывает, что потребитель не ведает о том, что он имеет значительный арсенал возможностей для того, чтобы реализовать законные права и интересы. Взаимоотношения с продавцом (услугодателем) в таких случаях регулируются Законом Республики Казахстан «О защите прав потребителей» и Правилами внутренней торговли, утвержденными приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 27 марта 2015 года № 264.

Итак, какие же законные права имеют потребители? Перечислим эти права:

- свободное заключение договоров на приобретение товаров, выполнение работ и оказание услуг;
- доступ к информации в сфере защиты прав потребителей;
- получение информации о товаре, работе, услуге, а также о продавце, изготовителе, исполнителе;
- приобретение безопасного товара, работы, услуги;
- свободный выбор товара, работы, услуги;
- надлежащее качество товара,

Потребитель! Знай о своих правах!

работы, услуги;

· обмен или возврат товара как надлежащего, так и ненадлежащего качества;

· возмещение в полном объеме убытков причиненных их жизни, здоровью и имуществу вследствие недостатков товара, работы, услуги;

· получение у продавца (изготовителя, исполнителя) документа, подтверждающего факт приобретения товара (выполнения работы, оказания услуги) – чек, счет-фактура, накладная;

· предъявление претензии к инициатору (организатору) игр по качеству товара (работы, услуги), переданного (выполненного, оказанного) в виде выигрыша;

· создание общественных объединений потребителей;

· возмещение морального вреда – в судебном порядке;

· защиту прав и законных интересов;

· осуществление иных прав, предусмотренных Законом.

При этом, потребитель должен знать о том, что продавец (услугодатель) не должен ставить покупателя (услугополучателя) в условия, которые ведут к ущемлению или нарушению его прав.

Условия, нарушающие и (или) ущемляющие права потребителей при заключении договора:

· освобождение или необоснованное ограничение ответственности продавца (исполнителя, изготовителя) в случае причинения вреда жизни, здоровью и (или) имуществу потребителя;

· исключение или ограничение прав потребителя в случае полного или частичного невыполнения или ненадлежащего выполнения продавцом (исполнителем, изготови-

телем) договорных обязательств;

· установление обязанностей потребителя по навязанным дополнительно продавцом (исполнителем, изготовителем) возмездным товарам (работам, услугам);

· установление требования по оплате потребителем несоразмерно большой суммы (свыше 30 [тридцати] процентов стоимости товара, услуги, работы) в случае невыполнения им обязательств по договору;

· предоставление продавцу (исполнителю, изготовителю) права в одностороннем порядке изменять и (или) расторгать договор без соблюдения норм Гражданского кодекса Республики Казахстан об основах и порядке изменения и расторжения договора;

· предоставление продавцу (исполнителю, изготовителю) права

не возвращать уплаченную денежную сумму за непредоставленный товар (услуги, работы) в случае расторжения договора;

· предоставление продавцу (исполнителю, изготовителю) возможности увеличивать цену без предоставления права расторгнуть договор;

· ограничение ответственности продавца (исполнителя, изготовителя) по обяза-

тельствам, принятым его представителями;

· установление обязанности потребителя выполнить все обязательства в случае, если продавец (исполнитель, изготовитель) не выполнит своих обязательств;

· предоставление продавцу (исполнителю, производителю) права передавать свои права и обязанности по договору третьему лицу без соблюдения норм Гражданского кодекса Республики Казахстан о перемене лиц в обязательстве;

· иные условия, нарушающие и (или) ущемляющие права и законные интересы потребителей.

Потребитель, которому продан товар ненадлежащего качества, если его недостатки не были оговорены продавцом, вправе по своему выбору потребовать:

· соразмерного уменьшения покупной цены;

· безвозмездного устранения недостатков товара;

· возмещения своих расходов на устранение недостатков товара;

· замены на товар аналогичной марки (модели, артикула);

· замены на такой же товар другой марки (модели, артикула) с соответствующим перерасчетом покупной цены;

· расторжения договора и возврата уплаченной за товар денежной суммы.

В заключении хочется сказать нашему потребителю: борись за свои права в правовом поле сам или при помощи общественных объединений по защите прав потребителей! (список общественных объединений прилагается)

Марат ТУЛЕБАЕВ,

департамент по защите прав потребителей по городу Шымкент.

Сведения об общественных объединениях по защите прав потребителей города Шымкент

Наименование общественных объединений	Ф.И.О. руководителей	Адреса и телефоны
«Южно-Казахстанское областное общественное объединение по защите прав потребителей»	Толентаев Бегимкул	г.Шымкент, моб: 8701-174-91-20
«Онтүстік» общественное объединение по защите прав потребителей	Кейкиев Сансызбай	г. Шымкент, Темирлановское шоссе б/н; моб: 8701-474-51-00, моб: 8702-593-65-47
«Дулат» общественное объединение по защите прав потребителей	Ешов Газыбай Маккамович	Шымкент к., пр. Тауке хана 45, тел. 8 (7252) 55-14-69
«Өткір Нұр» общественное объединение по защите прав потребителей	Коштаев Казыбек Базарбайұлы	г.Шымкент, ул. Гагарина 17а, моб: 8705-355-05-74, моб: 8702-256-07-20
«DEMEU» общественное объединение по защите прав потребителей	Колтышева Светлана Владимировна	г.Шымкент, ул. Джангельдина №32, моб: 8702-710-73-00
«Қоғам» общественное объединение по защите прав потребителей	Токебаев Дусенбай Илесулы	г.Шымкент, ул.Т.Айбергенова 1, раб: (87252)27-94-05, моб: 8701-658-94-78
«Эль-Таир» Южно-Казахстанское областное общественное объединение по защите прав потребителей	Ильясов Эльдар Равильевич	г.Ленгер, ул. Набережная №16, моб: 8 705-358-44-42

Хабарландыру

«Қазақ әуендерінің орындаушылары» РҚБ-нің атқарған қызмет нәтижесімен жиналған сыйақылар сабақтас құқықтар объектілерінің субъектілеріне бөлінді.

Егер, орындаушысы немесе фонограмма шығарушысы немесе құқық иеленушісі болып және сыйақы алуға құқылы болсаңыз, онда өзіңіздің атыңызға бөлінген сыйақы көлемі туралы мәліметті Бірлестіктің есеп бөлімінен немесе электрондық адресінен біле аласыз.

Бірлестіктің орналасқан мекенжайына келу арқылы бөлінген сыйақыны қолма-қол алуға болады. Сонымен бірге, міндетті түрде жеке басыңызды куәландыратын құжат пен орындаушылыққа немесе фонограммаға құқығыңызды дәлелдейтін құжат болуы қажет екендігін мәлімдейміз.

Бөлінген сыйақыны банктер арқылы алу үшін, аталған құжаттардан бөлек 20 таңбалы мәліметі бар есеп-шотыңыз туралы құжат қажет.

Бірлестіктің мекен жайы:

ҚР, Шымкент қаласы,
Қаратау ауданы, Қайтпас м/а,
Амангелді көшесі, 22 үйі,
Тел./факс: 8-7252-49-31-81

Толық мәлімет:
roo-ikr.kz сайтында

Объявление

По результатам деятельности РОО «Исполнители казахских песен» собранные вознаграждения распределены субъектам объектов смежных прав.

Если, являетесь исполнителем, производителем фонограмм или правообладателем объектов смежных прав и имеете право получить распределенное вознаграждение, то можете узнать об объеме распределенных вознаграждений с отдела бухгалтерии или электронного адреса Общества.

Обратившись лично в Общество можно получить распределенное вознаграждение. При этом, необходимо иметь документ удостоверяющий личность и документ подтверждающий право на исполнение или фонограмму.

Для получения распределенного вознаграждения через расчетный счет, кроме указанных документов нужен документ

Место нахождения Общества:

РК, город Шымкент,
Каратауский район,
мкр. Кайтпас, ул. Амангельды дом 22
Факс/телефон: 8-7252-49-31-81

Подробная информация
на сайте: roo-ikr.kz

Хабарландыру

«Авторлар әндерінің одағы» БҚБ-нің атқарған қызмет нәтижесімен жиналған сыйақылар авторларға бөлінді.

Егер, туындының авторы немесе құқық иеленушісі болып және сыйақы алуға құқылы болсаңыз, онда өзіңіздің атыңызға бөлінген сыйақы көлемі туралы мәліметті Бірлестіктің есеп бөлімінен немесе электрондық адресінен біле аласыз.

Бірлестіктің орналасқан мекенжайына келу арқылы бөлінген сыйақыны қолма-қол алуға болады. Сонымен бірге, міндетті түрде жеке басыңызды куәландыратын құжат пен туындыға құқығыңызды дәлелдейтін құжат болуы қажет екендігін мәлімдейміз.

Бөлінген сыйақыны банк арқылы алу үшін, аталған құжаттардан бөлек 20 таңбалы мәліметі бар есеп-шотыңыз туралы құжат қажет.

Бірлестіктің мекен жайы:

ҚР, Шымкент қаласы,
Қаратау ауданы, Қайтпас м/а,
Амангелді көшесі, 22 үйі,
Тел./факс: 8-7252-49-31-81

Толық мәлімет:
roo-sap.kz сайтында

Объявление

По результатам деятельности РОО «Союз авторов песен» собранные вознаграждения распределены авторам произведения.

Если, являетесь автором произведения или правообладателем и имеете право получить распределенное вознаграждение, то можете узнать об объеме распределенных вознаграждений с отдела бухгалтерии или электронного адреса Общества.

Обратившись лично в Общество можно получить распределенное вознаграждение. При этом, необходимо иметь документ удостоверяющий личность и документ подтверждающий право на произведение.

Для получения распределенного вознаграждения через банк, кроме указанных документов нужен документ с 20 значным номером банковского расчетного счета.

Место нахождения Общества:

РК, город Шымкент,
Каратауский район,
мкр. Кайтпас, ул. Амангельды дом 22
Факс/телефон: 8-7252-49-31-81

Подробная информация
на сайте: roo-sap.kz



Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылдың 5 қаңтарда есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.

Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ» Медиа» ЖШС

Ұлжан НАУШАБАЕВА - Бас редактор	РЕДАКЦИЯНЫ МЕКЕНЖАЙЫ: 160000, Шымкент қаласы, Г. Ляев көшесі, 29. E-mail: aigak@mail.ru www.aigak.kz
Сейсенбай АХМЕТ - журналист	Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Бездіріуші Жарлығаш ЖАҚЫПОВА - Жарнама Олжас ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ - Тарату бөлімі



Мақаланың жариялану ақысы төленген.

Журналистер: 8 (7252) 30-10-86,
Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30,
Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34 Факс: 30-07-25
Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 778 452 53 53

Газет тарайтын облыстар мен қалалар:

Нұр-Сұлтан, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақтөу, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Төменгі, Шымкент.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «Айғақ» Баспа үйі» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Г.Ляев көшесі, 29.

Нөмірдің кезекші редакторы - Ақерке Исманова

Жазылу
индексі

65836

16+

Талсырыс: №199
Таралымы: 7000

ТОО «АКТИВ ЛОМБАРД» сообщает о проведении торгов по реализации не выкупленных заложенных имуществ

На торги выставляются

ОРГТЕХНИКА,

БЫТОВАЯ ТЕХНИКА,

МЕХОВЫЕ ИЗДЕЛИЯ,

АУДИО-ВИДЕО

ТЕХНИКА.

Метод проведения торгов -
английский

Прием заявок на участие начинается
со дня публикации объявления и
заканчивается за (один) час
до проведения торгов.

Торги проводятся с 1-го по 30 ноября,
ежедневно с 09:00 до 20:00 по адресу:

г. Шымкент, ул. Г.Ильяева 5/4, ТД New Astana 2 этаж.
Тел: 8 778-555-35-90, 8 771-664-06-87, 8 771-050-11-07

Ремонт телевизоров и спутниковых антенн

Тел.: 56-17-58,8 702-243-45-54,
8 771-670-72-37



Жарамсыз деп танылсын

*** «Бәйжігіт –баба» жеке қорының 29.04.2010 жылы берілген куәлік №326-1958-02-ҚР, БСН 100440020980 Жарғысы (устав) жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Азаматов Бахыт Куйбагарович атына тиесілі Мақтарал ауданы, Ырысты бөлімшесіндегі 2007 жылы №108, С.Торайғыров атындағы жалпы орта мектебінен берілген Аттестатының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Компания 13 регион» ЖШС атына берген 2014 жылы шыққан зауыт №0042835, Миника 1102 ФКЗ маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Салимов Шухрат Умурикович атына ҚР берілген мекен жай туралы құжаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Открылось наследство

*** Умерла Жақыпбекова Орынқұл. Дата смерти: 05.09.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Карабаева Р.К. г. Шымкент, ул. Мадели кожа 1Г, ЦОН, 1-этаж. Тел.: 8 701-741-27-45.

*** Умер Крюков Сергей Викторович. Дата смерти: 24.10.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Дуйсембекова Ф.А. г. Шымкент, ул. Елшибек батыра, 88. Тел.: 8 702-146-22-74.

*** Умер Кан Евгений Алексеевич. Дата смерти: 22.05.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Досимбеков С.А. г. Шымкент, ул. Бейбитшилик, 24 а. Тел.: 35-43-85, 8 701-270-72-55.

*** Умер Боранбаев Анармат Насирович. Дата смерти: 18.05.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Карабаева Р.К. г. Шымкент, ул. Мадели кожа 1Г, ЦОН, 1-этаж. Тел.: 8 701-741-27-45.

*** Умер Крюков Армат Сергеевич. Дата смерти: 23.06.2009 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Досимбеков С.А. г. Шымкент, ул. Бейбитшилик, 24 а. Тел.: 35-43-85, 8 701-270-72-55.

*** Умерла Исупова Евгения Алексеевна. Дата смерти: 06.09.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Карабаева Р.К. г. Шымкент, ул. Мадели кожа 1Г, ЦОН, 1-этаж. Тел.: 8 701-741-27-45.

*** Умерла Турсумбетова Кулсара. Дата смерти: 06.05.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нота-

риусу Мамыталиев Б.Д. Тулкибас., село Т.Рыскулова., ул. Жантурова, 21/1. Тел.: 8 /7253/ 5-17-71.

*** Умерла Арыстанбаева Айымхан. Дата смерти: 23.12.2007 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Иманова Г.А. г. Шымкент, 3мкр., дом 3 «В». Тел.: 8 701-729-25-41.

*** Умер Серкебай Дәурен Рахматуллаұлы. Дата смерти: 23.09.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Карабаева Р.К. г. Шымкент, ул. Мадели кожа 1Г, ЦОН, 1-этаж. Тел.: 8 701-741-27-45.

*** Умер Төлетәев Төрехан. Дата смерти: 25.10.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Кальменов Д.Т. г. Шымкент, мкр. Восток, 42. Тел.: 8 707-228-08-55.

*** Умер Бульба Виктор Иванович. Дата смерти: 08.09.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Шертаева Д.Д. г. Шымкент. Тел.: 8 702-502-15-90, 8 707-303-95-81.

*** Умерла Биконисова Есенкыз Сабировна. Дата смерти: 04.11.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Байтлесова З.С. г. Шымкент, трасса Темирлановская, 6 «а», офис 13. Тел.: 8 700-450-39-19.

*** Умер Мокрослоев Анатолий Владимирович. Дата смерти: 12.06.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Оспанова Г.Д. г. Шымкент, ул. Уалиханова, д. 184. Тел.: 8 /7252/ 57-05-10, 8 707-499-46-76.

*** Умер Коньсов Хамит Батырбекович. Дата смерти:

25.03.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Байтлесова З.С. г. Шымкент, трасса Темирлановская, 6 «а», офис 13. Тел.: 8 707-123-17-78, 8 775-071-53-18.

*** Умерла Корганбаева Нигора Еркиновна. Дата смерти: 19.07.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Альчикенова Ж.С. г. Шымкент, ул. Мадели кожа 1Г, ЦОН, 1-этаж. Тел.: 8 705-682-20-75.

*** Умерла Ахметова Гулбала Талиббаевна. Дата смерти: 10.10.2018 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Джанизакова Н.Р. г. Шымкент, ул. Желтоқсан, 7. Тел.: 8 707-801-82-83.

*** Умер Трусов Владимир Сергеевич. Дата смерти: 23.09.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Иманова Г.А. г. Шымкент, 3 мкр., дом 3 «В». Тел.: 8 701-729-25-41.

*** Умер Атажанов Бахтияр Тажибаевич. Дата смерти: 08.07.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Альчикенова Ж.С. г. Шымкент, ул. Мадели кожа 1Г, ЦОН, 1-этаж. Тел.: 8 705-682-20-75.

*** Умер Базаркулов Смаил Даулбаевич. Дата смерти: 02.10.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Альчикенова Ж.С. г. Шымкент, ул. Мадели кожа 1Г, ЦОН, 1-этаж. Тел.: 8 705-682-20-75.

*** Умер Қазыбек Аман Жорабекұлы. Дата смерти: 12.11.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Байтлесова З.С. г. Шымкент, трасса Темирлановская, 6 «а», Бизнес центр «Марс», офис 13. Тел.: 8 707123-17-78.

Керек кеңес:

Қазақ емшілігі мен дәрігерлігінің пайда болуы мен қазірге дейінгі даму тарихына көз жібергенде әлемге әйгілі Әбу-Насыр әл-Фараби (870-950), Әбу-Әли ибн-Сина (980-1037) сынды ұлағатты ғалымдарымыз ел жүрегінен қастерлі орын алады. Осындай ұлы адамдар өздерінің ғылыми еңбектері арқылы ұлтымыздың ежелгі медицина ілімінің негізін қалады.

Қазақ емшілігі қазақ халқының ұлы болып қалыптасуынан бұрын пайда болған. Айталық, түрік тайпаларының Тақар, Қарамұқ мәдениеті дәуіріндегі малсағит, сарматин, секет (скиф), үйсін, қахас, қыпшақ тайпалары кезінде-ақ адамдардың ауру сырқауларымен күрес тарихы басталған. Ресей медицина ғылымының атасы аталған әйгілі физиолог И.В.Павлов (1849-1936) «Адам-зат пайда болған кезде медицина тарихын адамзаттың жазба естеліктерінің жазылу уақытынан бастау қате болады» — деген еді (И.В.Павлов. «Таңдамалы шығармалары», 246-бет).

Қазақ энциклопедиясында, «Білім және еңбек» журналының 1984-1985 жылдардағы сандарында қазақ емшілерінің VI-ғасырда адамның бас сүйегіне операция (трепанация) жасалғандығы, VII-ғасырда ампутация (яғни, аяқ-қолды келте кесу) операциясын жасағандығы баяндалған. Мұның өзінен сахара ұлты деп аталатын қазақ медицина тарихынан өте әріде жатқандығы байқалады.

Біз сіздерге басылым беттерінен «Қазақ емшілігі»- кітабында жарық көрген ертеден адам денсаулығына жақсы әсер ететін өсімдіктердің пайдасын ұсынамыз.

Жалбыз

Ерекшелігі. Көп жылдық шөп тектес өсімдік, биіктігі 80 – 100 см. Кейде тіпті, бір метрге дейін өседі. Өн бойынан хош иіс аңқып тұрады. Сабағы төрт қырлы, қуыс өзекті, буынды болады. Жапырағы қарама-қарсы орналасқан. Кең қандауыр тәрізді немесе сопақша, жапырақ жиегі ара тісті келеді.

Өсетін орындары: Тау шатқалдарының сулы аңғарларына, жазық жерлердегі арық жағаларына, бастау басына, сазды жерлерге өседі.

Жинау және өңдеу әдістері:



Жер үсті бөлігінен дәрі істейді. Жаз маусымында гүл ашудан ілгері орып алып, көлеңкеде кептіреді.

Емдік қасиеті: Ащы дәмді, салқын райлы, ұсыз. Сыртқы ауруларды емдеп, ыстық қайтарады, желді айдайды. Көзді нұрландырады, жұтқыншақты майдалайды.

Басты ем болатын аурулары және пайдалануы: 1) Ыстық тұмауға; бірсарал 9 г., екпе қара өлең 4,5 г., жалбыз 3., тікенді ұшқат гүлі 6 г., қоңырау гүл 3 г., қайнатып ішеді. 2) Мәлім себептерден ішкі органдардың ыстығы асып, көз қызарып, ерінге ұшық шығып жайсызданғанда; кептірілген жалбыздан 10 г., мөлшерінде алып, суға қайнатып, күніне 2 рет ішеді. 3) Жас балаларға қызылша шығып, денесі қызғанда, жұтқыншағы қызарып іскенде, дауыс қарлыққанда; 3-4 г жалбызды қайнатып, суына аздап қаныт қосып ішкізеді. 4) Жас бөбектер тұмау тиіп денесі қызғанда; жас жалбыздан мәлім мөлшерде алып, суға бұрқ еткізіп, бір метрдей көк түсті шүберекті жалбыз суына шылап, баланы орап қалыңдап жауып терлетеді. Дене ыстығы біртіндеп қайтады. 5) Мұрнынан қан тоқтамағанда; жас жалбызды жанышып, суын шығарап мұрынға тамызады. Егер кепкен жалбыз болса, аздап суға қайнатып, суына мақтаны шылап, мұрынға тығады.

Басты құрамы: Құрамында ұшқыш май, май құрамында жалбыз спирті (ментол), ментон және жұмсартақш заттар бар.

Баспасөз – 2019



Сіздің
«Қазпочта» және
редакция арқылы
жазылуға
мүмкіндігіңіз бар

Жазылу
индексі:
65836

АЙМАҚТАҒЫ
АЙШЫҚТЫ
ЖАҢАЛЫҚТАРМЕН
ТЫНЫСТАҒЫҢЫЗ
КЕЛСЕ, «АЙҒАҚ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ГАЗЕТІНЕ
ЖАЗЫЛҢЫЗ!!!

	6 айға	12 айға
«Айғақ» жазылу	1200 теңге	2400 теңге
Қазпочта (қала)	1639,08 теңге	3278,16 теңге
Қазпочта (ауыл-аймақ)	1750,80 теңге	3501,60 теңге

